


# ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ ЕЛІМІЗГЕ!



ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№04 (534) 31 наурыз 2023 жыл

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



Ұлыстың  
ұлы күні  
Наурыз  
құтты болсын!



## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СҮЙІКТІ СТУДЕНТТЕР!

Халқымыз үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын, көктемгі жаңарудың, татулықтың мерекесі.

Жер-дүниені жаңартып, көктемді ерте келетін Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамы құтты болсын!

Қыстың қыспағынан құтылып, мейрам-шаттыққа кенелетін осынау жайдарман күн баршаға ерекше қуаныш сыйлайды.

Күллі Түркі әлемінің басты мейрамы ежелден бауырлас халықтарға ортақ құндылықтар: береке мен бірлік, төзімділік пен ерік-жігер, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттыққа бөлейді.

Осынау, мерейлі шақта баршаңызды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтай отырып, амандық-саулық, бақ-береке, ырыс-ынтымақ тілеймін!

Еліміз өркен жайып, Наурыз баршамызға табыс пен сәттілік алып келсін!

Ізгі ниетпен, ректор  
Жанар ТЕМІРБЕКОВА

## ЕЛІМІЗДЕГІ 8 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ QS WUR ПӘНДІК РЕЙТИНГІНЕ ЕНДІ

Еліміздегі 8 жоғары оқу орны 22 наурызда жарияланған QS World University Rankings by Subject 2023 – әлемнің үздік университеттерінің пәндік рейтингіне енді.

Нәтижелерге сәйкес, қазақстандық жоғары оқу орындарының топ-100 пәндік рейтингке қатысуы екі еседен астам, үштен жеті позицияға дейін өсті. Сондай-ақ, Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде өз ықпалын арттыруды жалғастыруда: пәндік рейтингтердегі білім беру бағдарламаларының саны өткен жылмен салыстырғанда тоғызға артып, 40-қа дейін, рейтингтегі жоғары оқу орындарының саны сегізге дейін ұлғайды. Тізімге Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Satbayev University, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, СДУ, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті енді. Оқу ордамыздың үздіктер қатарынан көрінгені біз үшін үлкен қуаныш.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының тағы бір жетістігі - бес пәнді қамтитын салалық рейтингтерге қатысуы болды. Олар: өнер және гуманитарлық ғылымдар, инженерлік ғылымдар мен технологиялар, өмір туралы ғылымдар және медицина, жаратылыстану ғылымдары, қоғамдық ғылымдар және менеджмент.

Отандық жоғары оқу орындары осы бес салалық рейтингтің төртеуіне кіріп, ондағы өз позицияларының санын 10-ға дейін арттырды. Төрт қазақстандық жоо әлемнің үздік 100 жоғары оқу орны қатарына еніп, үздік нәтижелер көрсетті. Бірінші жүздікке ЕҰУ ның 3 пәні кірді

- «Заманауи тілдер» 88 позиция, «Лингвистика» 94 орын және «Қонақжайлылық және демалысты басқару» пәні бойынша университет былтырғы позициясын 51-100 аралығында ұстап қалды. Одан кейін «Заманауи тілдер» пәні бойынша 76-орында орналасқан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тұр. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Білім беру және оқыту» бойынша топ-100 пәндік рейтингке кіріп, осы рейтингте 76-орынды иеленді. Сонымен қатар ҚазҰПУ «Ағылшын тілі мен әдебиеті» бойынша пәндік рейтингке қайта оралып, онда 95-ші орынды иеленді. Satbayev University академиялық бедел көрсеткішін айтарлықтай жақсартудың арқасында «Мұнай және газ саласындағы инженерлік мамандықтар» бойынша 51-100 позициялар диапазонында орналасқан: жоғары оқу орны барлық пәндік рейтингтерде академиялық беделдің өсу қарқыны бойынша әлемде екінші орынды көрсетті.

«Әлемнің үздік университеттерінің пәндік рейтингтеріндегі қазақстандық жоғары оқу орындарының саны сегізге дейін өсті: бұл үш жыл бұрынғыдан төрт есе көп.

Жаңа пәндік рейтингтердің нәтижелері Қазақстанның қазіргі ғылыми күн тәртібіне ықпалын күшейту жоғары оқу орындарының рейтингтерде ілгерілету үшін негізгі мүмкіндік болып қалатынын көрсетеді», - деп атап өтті QS аймақтық директоры Сергей Христюков.

Айта кетейік, QS Quacquarelli Symonds халықаралық талдау агенттігінің пәндік рейтингтері әлемнің 93 елінде 1594 университеттің студенттері 54 пән және бес кең пәндік санат бойынша оқытатын 15 700-ден астам жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына тәуелсіз са-

лыстырмалы талдау болып табылады. Олар әлемдегі ең үздік университеттер рейтингтерінің – QS World University Rankings рейтингтік желісінің бөлігі болып табылады.

лыстырмалы талдау болып табылады. Олар әлемдегі ең үздік университеттер рейтингтерінің – QS World University Rankings рейтингтік желісінің бөлігі болып табылады.

лыстырмалы талдау болып табылады. Олар әлемдегі ең үздік университеттер рейтингтерінің – QS World University Rankings рейтингтік желісінің бөлігі болып табылады.



ЕЛІМІЗДЕГІ 8 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ  
QS WUR ПӘНДІК РЕЙТИНГІНЕ ЕНДІ

## АҚПАРАТТАР

## ТҮРКІСТАНДА АЛҒАШ РЕТ БАС МИИ ТАМЫРЛАРЫНА ОТА ЖАСАЛДЫ

Таяуда университетімізге қарасты Клиника-диагностикалық орталығында алғаш рет бас миы тамырларына ангиографиялық ота жасалды. Ми - оттегін көп қажет ететін орган. Миға оттегі жетіспесе, ол бірнеше минут ішінде зақымданады. Университетіміздің клиникасы ми қан тамырларын емдеудің жаңа жолына көшті. Алғаш рет жасалған ота бұрын инсульт алған адамдардың ауруы қайталанбауына көмектеседі.

Ангиографиялық отаны университетіміздің түлегі, нейрохирург Еркін Медетов Шымкенттен арнайы келіп жасады. Оның сөзінше, бүгінгі отаның ерекшелігі - денеге пышақ тимейді. Арнайы құрылғылармен тамыр ішінен ем-дом жасалады. Ең негізгі аппарат «Ангиограф» деп аталады.

Айта кетерлігі, мұндай аппарат Түркістан облысы бойынша біздің клиникамызда ғана бар. Бұған дейін бұл аппаратпен кардиохирургиялық операциялар жасалып келген еді, енді міне бас миы тамырлары отасына да қолданылды.

Оқу орнымыздың жақын болашақтағы мақсаты – Түркістаннан шықпай-ақ, облыс халқына ең озық медициналық қызмет көрсету.



## ШӘКІРТІМІЗДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕТІСТІГІ...

Факультетіміздің озат шәкірті халықаралық бағдарлама арқылы шетелдік практикаға бара жатыр. Факультетімізге қарасты «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасының 3-курс докторанты Батырбек Назерке Батырбекқызы АҚШ-тың «Қауымдастықпен тәжірибе алмасу (Community Engagement Exchange)» бағдарламасының жеңімпазы ретінде АҚШ-тың Детройт және Вашингтон қалаларында 3 айлық тағылымдамадан өтіп, білімін шыңдайды. Тағылымдама барысында АҚШ-тағы беделді мемлекеттік емес ұйымдарда тәжірибе жинақтап, ашық үкімет деп аталатын жобасы бойынша 3 ай білімін шыңдайтын болады. Жоба аяқталып, елімізге оралғаннан кейін, игеріп келген тәжірибесін 6 ай ішінде еліміздегі түрлі салаларда енгізу, жүзеге асыру жұмыстарын жүргізетін болады.



Шәкіртіміз Батырбек Назерке, әлемнің 92 елінен 6300-ден астам үміткер қатысқан жобаның финалына шығып, әлемнің түкпір түкпірінен жиналған 142 көшбасшының қатарынан орын алды. «Қауымдастықпен тәжірибе алмасу (Community Engagement Exchange)» бағдарламасы - XXI ғасырдың маңызды мәселелерін шешу үшін қауымдастықтармен жұмыс істейтін инноваторлардың динамикалық жаһандық желісі болып табылады. Сонымен қатар, бұл бағдарлама 21-28 жас аралығындағы азаматтық қоғам лидерлеріне желілерді, қарым-қатынастарды, азаматтық диалог пен бейбітшілікке қатысты және әйелдерге, өміршеңдікке және тұрақтылыққа қатысты мәселелерді шешуге мүмкіндік

беруге арналған халықаралық беделді жоба.

Барлық шығындар шақыртушы тараптан төленеді және шәкіртіміз арнайы стипендиямен қамтамасыз етіледі.

Факультетіміз қала берді университетіміздің мақтанышы шәкірттерімізге сәт-сапар айтып, абыроймен аман-есен барып келуін тілейміз.

Экономика, басқару және құқық факультеті

## Қысқа қайырғанда...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуына қатысты. Онда баршаны жаңадан сайланған Парламенттің алғашқы сессиясының ашылуымен құттықтап, сайлауда жеңіске жетіп, депутат атанған азаматтардың қызметіне табыс тіледі.

Сонымен қатар, алқалы жиында Қасым-Жомарт Тоқаев бір жыл ішінде ел игілігі жолында ауқымды жұмыстардың жүргізіліп, азаматтардың саяси өмірге емін-еркін араласуына жол ашылғандығына тоқталып, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделгенін атап өтті.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы өз сөзінде: — Еліміздің жастары әрдайым менің айрықша назарымда екені баршаға мәлім. Мен билікке ойы озық, білімді жастар келуі керек деп үнемі айтамын. Өскелең ұрпақты ел ісіне баулу – өте маңызды мәселе. Олар қоғамға жаңа құндылықтар әкелуге тиіс. Сайлау кезінде жас кандидаттар бірігіп, өз тобын құрғаны белгілі. Осы одақтың белсенді мүшелері Парламентке және мәслихаттарға өтті. Осылайша, өкілді билік тармағына саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Жастар мұны елімізді дамытуға берілген бірегей мүмкіндік деп бағалауы қажет-деді.

Ел президенті аталған жиында сайланған депутаттарды ел мүддесі үшін аянбай жұмыс атқаруға шақырып, елімізді өркендету жолында жасалатын өзгерістердің жалғасатындығын айтты.

\*\*\*

Қасиетті Рамазан айында университет құрамы мен студенттеріне арнайы Орталық асханада ауызашар берілді.

Жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша қалаулы азаматтар мен мекемелер оқу ордамыздағы көпшілікке арнап, ауызашар берді. Өкілетті Кеңес төрағасы профессор, доктор Мухиттин Шимшек алғашқылардың бірі болып, 1000 адамға ауызашар берді. Бұл сауапты істі қайырымды жан Эркэн Айдын жалғастырды.

\*\*\*

Оқу ордамыздың ректоры Жанар Темірбекова VIII-шақырылымдағы Түркістан облысының мәслихат депутаты болып сайланды. Бұл туралы бүгін «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалында өткен саяси кеңес Бюросының мәжілісінде айтылды. Білім мен ғылым саласындағы түрлі мәселелерді шешуге атсалысып жүрген университет ректоры енді, өңір халқының мәселелерін шешуде де адал қызмет жасайды деп сенеміз! Отанға қызмет етуді, қоғамға пайдалы болуды үнемі айтып жүретін Жанар Амангелдіқызын шын жүректен құттықтаймыз!

\*\*\*

Оқу ордамызда абыройлы қызмет атқарып келе жатқан әріптестеріміз халық қалаулысы болып сайланды. Өздеріңізге белгілі, 19-наурыздағы сайлауға екі бірдей әріптесіміз қатысып, жеңіп шыққан болатын.

Спорт және өнер факультетінің деканы Бек-Ахмет Абусейітов Түркістан қалалық Мәслихатының депутаты, ал Кентау кампусының директоры Камалбек Беркімбаев Кентау қалалық Мәслихатының депутаты атанды.

Сонымен қатар, университетіміздің түлегі, айтыскер ақын Бекарыс Шойбеков VIII – шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихат депутаты болып сайланды.

Оқу ордамыздың дамуы үшін тынбай еңбек еткен әріптестеріміз бен, ел алдында жүрген ақын түлегіміз Бекарыс Шойбековты шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы уақытта абырой-беделдеріңіз артып, ел игілігі жолында аянбай еңбек ететіндеріңізге сенім білдіреміз!

\*\*\*

Түркология ғылыми-зерттеу институтында филология ғылымдарының докторы, профессор Шәкір Ыбраев (Ахмет Ясауи университеті) «Ғұрыптық фольклор: қызметі (функциясы) және құрылымы» тақырыбында семинар өтті. Семинар барысында филология ғылымдарының докторы, профессор Шәкір Ыбраев ғұрыптық фольклор мен парадигманың өзіне тән ерекшеліктеріне жекелей тоқталды. Ғалым Шәкір Ыбраев: «Ғұрыптық фольклор Еуропада бес-алты ғылыми парадигмадан өтті, олар: мәдени антропология, структурализм, постструктурализм, модернизм, қазіргі феминология» — дей келе зерттелген бұл парадигмалардың нәтижесі бар екенін атап өтті.

Биыл отаршылдық құрсауындағы қазақ ұлтын өркениеттің кезекті белесіне жетелеген, азаттықтың алғашқы қоңырауы атанған әйгілі «Қазақ» газетінің жарық көргеніне 110 жыл толды.

1913 жылдың 2 ақпанында «Қазақ» газеті жарық көрді. «Қазақ» газетінің алғашқы санында Ахмет Байтұрсынұлы басылымды жарыққа шығарудың ең негізгі 4 маңызды міндетін былай деп жазады:

«Әуелі газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ көрең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды... Екінші газет - жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші газет - халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші. Төртінші газет - халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады».

«Қазақ жерінде Кеңес үкіметі орнамаса, халқы қараңғы күйінде қалар еді» деген мазмұндағы идеологияның қаншалықты қисынсыз екенін түсіну үшін «Қазақ» газетінің тарихына үңілсе жетіп жатыр.

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ

(Ұстазбен сұқбат)

Жуырда «Қазақ газетінің» 110 жылдығы аталып өткені белгілі. Осы себепті республика көлемінде түрлі іс-шаралар, семинарлар, конференциялар ұйымдастырылды. Көріп отырғанымыздай, арада бір ғасыр өтсе де, қазақ баспасөзінің алғашқы кезеңдеріндегі қызметі маңызды болып келеді. Осы орайда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тарих кафедрасының оқытушысы Ерен Ақдениз мырзамен жолығып, аз-кем пікір алмасқан болатынбыз. XX ғасырдың басындағы «Қазақ баспасөзі және Түркия» деген тақырыппен зерттеуін жалғастырған Ерен Ақдениз қазақ баспасөзінің алғашқы жылдарында Түркия туралы мазмұндарды жинақтап, сол кездегі зиялылар мен халықтың Түркияға деген қызығушылығын ашады. Бұл сұқбатта Ерен Ақдениздің зерттеу жұмыстарымен егжей-тегжейлі танысатын боламыз. Аталмыш тақырып сізді қызықтырса, оқи отырыңыз!

- Алдымен қазақ баспасөзінің кешегісі мен бүгінгісі қалай қорытындылар едіңіз?

- Қазақ халқы газет ұғымын XIX ғасырдың аяғында кездестіріп, қазақ зиялылары газетті қоғамға өз ойын жеткізудің маңызды құралына айналдырғаны белгілі. Осы қазақ зиялылары шығарған газеттердің бір бөлігі жергілікті деңгейде қалып, өте аз тараумен шықты; олардың кейбіреулері де әлдеқайда кең географиялар мен аудиторияларға жетіп, ұзақ уақыт бойы өздерінің басылымдық өмірін жалғастырды.

Осы қатарда, 1870 жылы шыға бастаған «Түркістан уәлаяты газеті», 1888 жылы шыға бастаған «Дала уәлаяты газеті», 1907 жылы шыға бастаған «Серке», 1907 жылы шыға бастаған «Қазақстан газеті», 1911 жылы шыға бастаған «Қазақстан» газеті, 1913 жылы шыға бастаған «Ешім даласы» сияқты газеттер қазақ баспасөзі тарихының бастауын құрады деп айта аламыз.

Сол жылдардан бері шығып жатқан газеттерді айтуға болады. Дегенмен, 1911 жылы шыға бастаған «Айқап» журналы мен 1913 жылы шыға бастаған «Қазақ» газетінің қазақ қоғамы үшін маңызы ерекше екенін айта кеткен жөн. «Айқап» 1911-1915 жылдар аралығында 89 санын шығарды. Ал «Қазақ» газеті 1913-1918 жылдар аралығында 265 сан жарияланды. Орынборда 1913-1918 жылдар аралығында қазақтың айтулы зиялылары шығара бастаған «Қазақ» газеті алғаш рет 1998 жылы Алматыда кітап күйінде жарық көрді. Қазақ баспасөзінің тарихындағы ең маңызды газеттердің бірі – XX ғасырдың бірінші ширегі аяғында жарыққа шығып, бүгінгі қазақ тіліне 2020 жылы 25 том болып аударылған «Ақжол» газеті екені даусыз.

- Баспасөздегі бетбұрыс не болды деп ойлайсыз?

- Патшалық Ресейдің соңғы жылдары мен коммунистік биліктің алғашқы жылдарында жарық көрген «Қазақ» газетінің қазақ қоғамы үшін алатын орны мен рөлі зор екені даусыз. «Қазақ» газеті, ең алдымен, қазақтың тәуелсіздік идеясын сақтап қалды және осы газеттің қаламгерлері «Алаш» партиясын ұйымдастырып, 1917 жылғы төңкеріс әкелген жаңа жағдайды бағалауға тырысты.

Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарын, Абай Құнанбай секілді зиялы қауым өкілдерінің халқымыз үшін орны ерекше.

«Қазақ» газетінің негізін қалап белсене ат салысқан Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды аса маңызды есімдерді ерекше айта кету керек.

«Қазақ» газетінің қаламгерлері ең алдымен «қазақ болмысы» мен қазақ халқының ғасырлар бойы басынан кешіп келе жатқан мәселелеріне тоқталып, осы мәселелердің шешімін табуға тырысты. Сонымен бірге бұл зиялылар түрік елдері мен халықтарының мәселелерін күн тәртібіне шығаруға тырысқан «ұлттық» бағытты ұстанған тұлғалар.

Қазіргі жағдайда бес жыл бойы апталық газет шығару маңызды емес сияқты көрінгенімен, «Қазақ» газеті шыққан кезеңдегі жағдайлармен салыстыруға келмейді. Апталық басылымның 8000 таралымға жетуі бүгінгі күннің өзінде өте маңызды оқиға екенін ұмытпаған жөн.

Газет мазмұнына көз жүгіртсек, қазақ тарихына қатысты жоғарыда атап өткен мәселелермен қатар, сол кездегі әлемде болып жатқан оқиғалар және әрине Осман империясы, Түркия туралы көптеген мақалалар

жарияланғанын көреміз. Мысалы, Балқан соғыстары жайлы мақалада Османлы-Еуропа қарым-қатынастарына тоқталып, Еуропадағы кейбір ұлы мемлекеттердің саяси жағдайлары сөз болады. 1913 жылы жарияланған бұл мақалада:

«... Еуропа мемлекеттерінің ішінде басқа діндер мен қандастардан пайда болған қоғамдарды басқарып оларға патшалық еткен сұлтан тек Түркия. Түркияның Ыстамбұлды алып, Айя София крестінің орнына жарты ай қою христиандардың санасынан ешқашан өшкен емес. Олардың арасында «Шығыс мәселесі» деген сөз бар. Оның басты мақсаты – түріктерді Еуропадан қуып, Ыстамбұлды алып, айдың орнына айқышты қайта қою». Міне сол секілді өрнектердің бар екенін көреміз.

«Керек сөз» атты тағы бір мақалада Балқан соғысында Осман империясына қарсы бірге әрекет еткен болгар, серб, черногориялық және гректердің соғыстан кейін бір-біріне қарсы шығуы, болгарлардың орыстардан және басқалардан көмек сұрауы сөз болмақ.

1913-1918 жылдар аралығында жарық көрген «Қазақ» газетінде осыған ұқсас көптеген жаңалықтар мен мақалаларды кездестіруге болады. Бұл бізге сол кездегі Түркиядағы оқиғаларды қазақ зиялыларының жіті бақылағанын көрсетеді. ХҚТУ профессоры Қанат Базарбаев мырзамен өткен айларда бірге жариялаған «Қазақ және Ақжол газеттеріндегі Түркия мәселелері» атты мақаламызда осы мәселелерді жан-жақты қарастыруға тырыстық.

- Осы газеттердегі Түркия мәселелерінің мазмұны туралы мысалдарға не айтар едіңіз?

- Әрине, Түркияда Қазақ баспасөзінің тарихына, сондай-ақ Түрік отандарының тарихы мен Қазақ тарихына қатысты зерттеулер жүргізілуде.

Мысалдар,  
• Ибраһим Қалқанның «Қазақ саяси ойының дамуы және қазақ газеті (1913-1918)» және «Қазақ газеті және Алаш»  
• Вахит Түріктің «Қазақ газеті» шығармасы  
• Мұрат Черитоғұлдың «Айқап» шығармасы  
• Ридван Читилдің «Дала облысының газеті» еңбегі

• Мехмет Ерман Кылышоглуның «Қазақ цедитизмінің тууы және Бозқыр уәлаятының газеті» атты еңбегі.

• Орхан Сөйлемездің «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығында» шығармасы  
Осылармен қатар соңғы кездерде де Түркияда жарық көрген Мира Қадірованың «Алаш партиясы газеті қазақ», Батыржан Темірхановтың «Қазақ газеті Осман жаңалықтары», Жанат

Қуанышбаеваның «Араб әріптерімен қазақша мерзімді басылымдары» сияқты еңбектерді айтып көрсетуге болады.

- Осы зерттеулер нәтижесінде сіз нені мақсат етесіз?

- Жоғарыда мен атап өткен зерттеулер өте маңызды болғанымен, бұл зерттеулердің көпшілігі филология саласымен тығыз байланысты және пәннің тарихи өлшемі тұрғысынан жеткіліксіз. «XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі Түркия мәселелері» тақырыбындағы зерттеуіміз аяқталса, қазақ баспасөзі тарихында да, Қазақстан-Түркия тарихында да маңызды ғылыми олқылықтың орны толтырылады деп сенемін.

Осы уақытқа дейін бұл мәселеде маңызды қадам жасалғанымен, зерттеулеріміз аяқталғанда әлдеқайда бай, ғылыми құнды деректер шығады деп ойлаймын. Дәлірек айтсақ, «Қазақ баспасөзінде» жұмыс істеп жүргенде өте қызықты жаңалықтарға тап боламыз. Мысалы, «Ақжол» газетінде Түркия туралы жаңалықтарды зерттей келе, 1923 жылғы 18 қазандағы хабарда (Ақжол, №: 358) «Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі Түркияның «Республика» ретінде басқарылатынын жариялады. Бірақ баршаңызға белгілі, Түркиядағы Республика 1923 жылы 29 қазанда жарияланды. Біз зерттеу барысында көптеген қызықты жаңалықтар мен оқиғаларға куә болдық. Жұмысымыз аяқталған кезде өте маңызды ғылыми табыстар пайда болады деп сенемін.

Сөзімді аяқтай отырып, биылғы 2023 жылы «Қазақ» газетінің 1913 жылы ақпан айында газеттің алғаш шыққанына 110 жыл толғанын еске сала кеткім келеді. Осы орайда «Қазақ» газетінің қадірлі зиялыларын құрметпен еске алып, бүгінгі күні де жолымызды нұрландырып жүрген Ұлы даланың осынау адал азаматтарын Алланың мейіріміне бөлене берсін.

Сұқбаттасқан: Фетхуллах ХАЛЛАЧ,  
4-курс студенті



## СТУДЕНТ ПІКІР БІЛДІРЕДІ

## Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ



## МЕНИҢ АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Адам баласының тұлға болып қалыптасуында оның тәрбиесі мен танымы, айналадағы қозғалыс, туған жері, Отаны мен діні маңызды құрылым болып табылады. Ал олай болса елді ел қылып қалыптастыратын кімдер? Әрине бұл туралы ойлағанда қолыңда билігі бар тұлғалар, басшылар, Елбасымыз бен Үкімет есімізге түсетіні сөзсіз. Алайда бойыңда қазақ деген қаның барда елге елеулі үлес қосуға барлығымыз мүдделіміз.

Қазақтан шыққан біртуар ақ иық азаматтарымыз елді нығайтуға, елді дамытуға күш салып жүр. Оған дәлел бұрынғы Қазақстаннан «Жаңа әділетті Қазақстан» құруды мақсат ете отырып, жоспар арқылы әрекет етеді. Елбасымыздың Жолдауында: «Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек. Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет». Яғни Үкіметке жаңа әкімшілік реформа әзірлеуді тапсырды. Оған қоса, мемлекеттік органдардың жұмыс нәтижесін жақсартып, жауапкершілігін арттырған жөн екенін атап өтті.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы.

Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу.

Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір оның өзектілігі арта түсті.

Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бөрінен биік қойған. Біз дәл осы кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуіміз керек. Бұл Қасым Жомарт Тоқаевтың ел бірлігіне аса мән бергенін айғақтайды. Тізе қосып күллі қазақ ат салыспағандықтан, қалың елім қолдамағандықтан барлығы қызыл сөз болып қала бермек. Кең дүние тар болғандай әр адам жеке басының қамын жейді. Мұның сыры жасқаншақтықта деп ойлаймын. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ қазақтың екі аяғын бір етікке тыққан көк ойылдардың озбырлығы қазақтың қанатын қайыстырған. Сол ғасырдан қалған жасқаншақтық қанға сіңіп кеткендей. Алайда, асығымыз алшысынан түсіп, тәуелсіз ел ретінде қалыптасу біз үшін үлкен бақыт. Тәуелсіздігімізді мақтана айта жүріп оны дамыту келешектің мүддесі.

**Ақбота БАҚЫТЖАН,**  
1 курс студенті

## «ГЕНДЕР ПАТИ» НЕМЕСЕ ЖЫНЫСТЫ АНЫҚТАУ

Жаһандану заманы. Әлеуметтік желі тұтастай бір кеңестікке адамдарды шоғырландырып, бір «хайп» көрсе ертесіне соны қайталап жатады. Сондай бас-аяғы мен мән мағынасы болмысымызға сәйкес келмейтін бір заманауи желі дәстүрі пайда болды жақында. Иә, біріне таңсық, біріне үйреншікті үрдіс болған Гендер Пати. Ол не десеңіз ана құрсағына біткен сәбидің жынысы анықталғаннан кейін ұйымдастырылатын, соның ұл немесе қыз екенін жиналған елге, одан кейін әлеуметтік желі арқылы дүйім жұртқа жар салу. Қызды қырық үйден тыйып, құрсақ көтерген ананы «тіл мен көзден» қорғап ата-салтты берік ұстанатын біздің қазақи кеңестікке гендер пати (gender party) сияқты дүниелер қайдан енді?

2008 жылы Лос Анджелестің 39 жастағы тұрғыны Дженна Карвундис бірінші баланы асыға күтеді. Ол мерекелерді жақсы көреді тіпті сүйікті алтын балығының туған күніне тәтті торттар пісіретіндей дәрежеде екен. Әдеттегі күнделікті күнде Дженна достарына қоян пішіндес тортты алдарына ұсынады. Торттың ең негізгі ерекшелігі дәмі емес сыртындағы қызғылт және көгілдір түсті декоры еді. Бұл түстер қыз ба, ұл ма? деген сұраққа жауап беретін түстер екен. Дженна болашақ сәбидің жынысын дәл осылай жасырады. Тортты кескенде көгілдір түс шықса ұл, қызғылт түс жағылса қыз деп мәз болады. Карвундис «Instagram» әлеуметтік желіге сол видеоны жүктеген сәттен бастап миллиондаған лайк жинап, мыңдаған өзінің ізбасарларын тапты. Көп ұзамай Американың түкпір-түкпірінде торттар пісіріліп, шырақшамдар іске қосылып, түрлі-түсті газды шарлар үрленіп тек бір мақсатпен - салтанатты түрде баланың жынысын анықтауға көшті.

Лос Анджелестен келген бұл дәстүр біздің елдегі отбасылы жандардың әдетіне айналған. Тойшыл халыққа бұл батыстық салтқа үйрену аса қиын болмаған сыңайлы. Батыс мемлекеті не жасаса да "ә" дегеннен-ақ жұқтырып аламыз ғұрпымызға.

Киелі Түркістан тұрғындарын да бұл салт айналып өте алмаған сыңайлы. Шаһардағы мерекелік іс-шараларды безендіретін компания қызметкерінің айтуынша қазіргі таңда тапсырыстың көбі дерлік осы «гендер пати» кешінен түсетінін айтты. Ұл ма, қыз ба деген жазуы бар үлкен шардың бағасы 9500 теңге болса, 180x80 көлемді баннерлер 8 мың мен 15 мыңның арасы екен. Одан бөлек қасына қызғылт және көк түсті түтін, үлкен

қорап, ойын ойнатуға арналған карточкалар барлығын қосқанда шамамен 50-60 мыңның шамасына шығындалады екен. Бұл тек кештің безендіруіне жұмсалынатын қаражат, ал оның дастарханы, музыкалық сүйемелдеуі, қонжықтардың киімі едәуір қаражатты талап ететіні мәлім.

Гендер пати дедік, қазақшасы жынысты анықтау кеші ислам шеңберінде бұл белең алып бара жатқан үрдіс дұрыс па? Бұл тұрғыда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты нақты пәтуәсін берген екен.

«Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ғайып (құпия заттың) кілті бесеу. Оны Алладан басқа ешкім білмейді. Ертең не болатынын, әйелдің кімді босанатынын, жауын қашан жауатынын, кісі қай жерде өлетінін, Қиямет қашан болатынын Алладан басқа ешкім білмейді», – деген (Бұхари). Сондықтан алдын ала қуанып, тумаған балаға той жасау әбестік болып есептеледі.

Екіншіден, шарифатымызда айтылмаған, дінімізде бұйырылмаған істі істеу арқылы бидғатқа (күнәға) жол ашады. Үшіншіден, босқа мал шашып пайдасыз жиын өткізсе, ысырап жасаған болады. Төртіншіден, дінсіз қоғамның әдетін ұстанып, соларға еліктеу адамды адасушылыққа алып барады. Бесіншіден, қазақтың ғұрып әдетінде аяғы ауыр келіншек барынша көз-тілден сақтанған және өзінің жағдайын жария етуді ұят санаған дейді. Ертелі кеш ұятты арлы істен тыйған қазақ үшін бұл дәстүр ұрпақтарымызға аманат болып қалмай жатып, жібін ұзу керек секілді.

**Жазира ЖАҚСЫБЕКҚЫЗЫ**  
4-курс студенті



\*студенттің бір күні

## ЕСЕЙГІМ КЕЛДІ ЕРТЕРЕК...

Таңғы салқын. Көктемнің ызғарлы желі. Көзін тырнап ашқан бикеш уақытқа қарады да, апыл-ғұпыл киіне бастады. Аялдамаға бара жатып, өз автобусының көз алдынан өтіп кеткенін көрген Назымның таңғы көңіл-күйі су сепкендей басылды. Қалтасында қалған 70 теңгесіне көз тастап, аялдама орындығына жайғасты.

Университетке келді.

- Сәлеметсіз бе, кіруге рұқсат па?

- «Менен кейін келгендерді кіргізбеймін» деп бірінші күні айттым емес пе?!

- Кешіріңізші, енді қайталанбайды.

-Отыр, бірақ сені «ЖОҚ» деп белгілеп қойдым,- деп мұғалім дүрсе қоя берді. Назым орнына жайғасты. Сабаққа қанша зер салғысы келсе де, көзі ілініп барады. Маужырап, тәтті түсінің жетегіне кетті.



- Апай, кешіріңізші енді кешікпеймін,- деп есік сыртында тұрған Назым мұғалімге мөлдіреген көздерімен қарады.

- Назым, сен үнемі осылай айтасың, бірақ үнемі кешігіп жүресің,- деді мұғалім қабағын түйіп.

- Шынымен апай осы соңғы кешігуім,- деп екі езуі құлағына жетіп сыныпқа кірді.

-Тағы бантик тақпағаның ба?

-Апай, бақандай 11-сынып оқимыз ғой, кішкентай сынып оқушылары секілді бантик тағамыз ба енді?!

-Ех, ертең осы бантикті сағынасыңдар,- деп мұғалім күбірлеп сабағын ары қарай жалғастырды.

Мұғалімнің ащы даусынан Назым шошып оянып. Сөйтсе бұл жәй ғана қиял түсі екен.

Назым ойға шомылып кетті:

Әх, мектеп қабырғасындағы кездер қызық еді. Кешіккенде, ұйықтап қалсаңда ескерту ғана айтушы еді. Сол кезде апайлар шынымен айтты ғой: «Ертең мұғалімнің артынан өздерің

жүгіресіңдер», «Кейін өздерің үшін оқитын боласыңдар» деп. Мектепті сағындым. Сол кезде ақшамыз жоқ деп қиналмайтын едік. Құлап қалып, тіземіздің жырылғанына жылап жүрген кішкене ғана бала едік. Өлемге көз жүгіртсек сан алуан түске боялған секілді көрінетін. Ал қазір ше? Қазір айналада тек сұр түсті көретіндеймін. Расыменде анам «жұрттың қыздары» дейтіндей бар екен. Жұрттың қыздары анасына алтын, әкесіне темір тұлпар әперуде. Ал мен не істедім? Ертең олардың үмітін ақтай аламын ба? Анамның туған күніне не аламын? Әмиянымда соқыр тиын да қалмады. Өзінен ақша сұрап, өзіне сыйлық әперемін бе? Неге бала кезімде «Тезірек есейсем екен» деп армандадым екен? Мен ересек өмірді бұлай елестетпедім ғой...

-Сенен сұрап тұрмын, үй тапсырмасын орындадың ба? - деген дауыстан Назым селк етіп есін жинады.

Кешіріңіз апай, мен тақырыптан сәл ауытқып кеттім-ау...

Назым ТҰРСЫНБАЙ,  
1-курс студенті

## КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

Безек қаққан оятықшытың дабылынан шошып ояндым. Ұйқым әлі қанбаса да жолдың ұзақ болуынан оқуға ерте қамдануға тура келді. Ұйқымның қанбауының себебі, өткен түні санамда болған беймаза ойлар. Қанша тырысса да, бұл ойлардан мүлде арыла алмадым. Себебі өз ойыммен бетпе-бет келетін сәт осы уақыт қана. Ал қалған уақытта өзімізден жалтарып, күйбең тіршіліктің қамымен жүреміз. Түсінгенім, адам өзгеден емес, өзінен, яғни өзінің ойларынан қорқады. Өйткені істеген істері жайлы, көңілі толмаған оқиғалар туралы, өмірдің мәні жайлы толассыз сұрақтар мен ойлар - адамды күйзеліске алып кеп соқтырады. Осы нәрсені ойлап отырып қалғып кетіппін. Бірде өкемнің гүр еткізген дауысынан бірден ес жиып алдым. Солай мең-зең күйімде үйден шығып, ұйқымды ашар-ашпас автобусты міндім. Жол жүру кезінде қарбаласып жатқан өмірді байқайсың. Күнің басталмай жатып-ақ сол автобуста неше түрлі жағдайға тап боласың. Әсіресе көбінің басынан өтетіні автобустағы уақытша махаббат. Яғни бір аруды көргенде, жүрегің тынымсыз соға кететіні бар емес пе!? Аялдамасынан түскенше қасына баруға тартыншақтанып, адамның көптігінен бәлкі ыңғайсызданған болармын деп өзімді ақтап қоямын. Солай көзбен шығарып салып, жүрегің сол арумен аялдамада қалғандай сезімде боласың. Осылайша университетімнің аялдамасына да келіп жеттік. Автобуста адамның көптігінен жоғары температура болған соң аздап терлеп түсіп едім, самал жел бетімді есіп өтіп, бір сәт рахат алдым. Оқудың ғимаратына барғанша әр күн сайын алғаш келгендей университетіме тамсанып, керемет кадрларды суретке түсіріп аламын. Уақытымнан ерте келіп, сабаққа дайындықты бір пысықтап алдым. Өзімнің жаным сүйетін сабақ болғандықтан, белсенді болып, көңілім көтеріңкі болды. Сабақ біткен соң



түстеніп алмақшы болып асханаға барғанымда, кезекте тұрған адамдар мүлдем азаяр емес. Шыдамсыздық танытып кезектен қашып аштан бұратылып тұрсам да, сол күйімде үйге қайттым. Сүреңсіз өткен күнімнен бір іліп аларлықтай мән-мағына мен сабақ алатындай оқиға болмағандықтан өзімнің шиеленіскен ойларымның түбіне қайта батып кетемін.

Дінмұхамет ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
1-курс студенті

## СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ ЖОҚ ЕЛДІҢ ӨЗ БОСТАНДЫҒЫ БАР МА?

Адам баласы өмірге келгелі ананың аялы алақаны мен әкенің дем берген қолдауымен өседі. Ананың істегенін қыз, әкенің істегенін ұл көріп, күн сайын әлемді танып білуге ұмтылады. Баланы тәрбиелеу үшін — оны білу керек, оны білу үшін — оны бақылау керек. Оны бақылау үшін — оған бостандық беру керек. Бұл дегеніміз отбасының адам үшін, адамның қоғамға бір кірпіші болуы үшін маңызды рөл атқаратынын білдіреді. Жақындарымызға еркелеп, ауыр сөз айттып ұрыс болса да ұмытыла кететін жанашырлық сезімі бөлек қой шіркін! Алайда бұл еркіндік тек отбасыда ғана шектеледі ме? Біз қоғам алдында өзімізді еркін ұстай аламыз ба? деген сұрақтар әрбір адамның көкейінде жүретіні сөзсіз.



«Тұзаққа түскен бұлбұлдан еркін жүрген торғай артық» дегендей бостандық баға жетпес байлық. Адам өзінің жеке бостандығын білу үшін алдымен өз құқықтарын білуі керек деп ойлаймын. Неге? Себебі заңда барлығы нақты, әрі адамның жеке мүмкіндіктері жайлы толық айтылған. Бұл дегеніміз әр адам заңды білу арқылы өзінің жеке бостандығын, сөз бостандығын бағалай алады. Неге біз ҚР ның «Демократиялық», «Зайырлы», «Тәуелсіз» деген сөздеріне мән бермейміз? Халықтың әр бір

айтылған сөздері мен мұң мұқтажын мемлекет білуге міндетті. Себебі, біз ешкімге бағынышты емеспіз. Қара басымыздың қамын ойлап қашанғы үнсіз қаламыз? Алайда мұқтаждықпен көтеріліске шыққандарды бүлік шығарушы, террористік әрекет деп танып зорлық-зомбылық жасап, күштеп қудалап немесе жазаға тартады. Бұл кезекте 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын еріксіз еске аламыз. Дамыған елде сөз бостандығы болу керек деп ойлаймын.

Ақбота БАҚЫТЖАН,  
1-курс студенті

## 365 -1

(бір күн – бүкіл ғұмыр)

Бүкіл қала әлі де тәтті ұйқыда жатқанда, күн нұры көрінбеген кезде ерте ояну маған ұнайды. 6-7 лердің кезінде терезені айқара ашып, суық ауамен құшырлана дем алсаң, бірден бойың сергіп қалады. Айналап тып-тыныш, жан адам көрінбейтін бұл мезгілде тек алыста машиналардың зуылдап бара жатқан даусы естіледі. Мұндайда сұрғылт аспанға, алдымдағы көп пәтерлі қабатты үйдің терезелеріне қарап тұру ұнайды. Алғашқы күн сәулесіне шомылу қандай керемет десеңші... Әдеттегідей құлағымға ұялы телефонның құлаққабын салып, сергек музыкаға ере күндізгі тіршілік қамына еніп кетемін. Алыста жүрсемде бірінші орында үйімді сағынамын. Үйдің ортаншысы болсам да, анам да, әкем де, менің назарымды, көңілімді тауып отырады. Біздің үйді «Еңлік, анау қайда?», «мынау қайда?», «ананы қалай істейді?», «мынаған не болған?», «былай киінсем қалай болады?» деген сөздерсіз елестету мүмкін емес. Кейде мұның бәрінен шаршап кетсең де, өмірде біреуге керек екеніңді сезіну сені бақытты қылады. Иә, менің өмірімдегі ең жақын достарым да, тіренішім де өте аз, бар болса да сезілмейді. Осындай ойлармен сабаққа қарай тартамын.



Кей мұғалімдердің сабағынан кейін қанаттанып, рухтанып шығасың. Кейбірінен түңіліп, ұнжырғаң түсіп кетеді. Ал енді кейбірінен «уһ, құтылдық па» деп қашып шығамыз. Иә, иә... сабағында өткізген уақытыңа жаның аштың мұғалімдер де болады. Кейде тезірек үлкен өмірге аяқ бассақ деп, ал кейде осындай жайбарақат кездер бітпей-ақ қойса ғой деп білім ошағынан кете барамыз. Үйге ертерек оралғанда, әрқашанда есіме мектепте оқып жүрген кезімдегі студенттерге қызыға қарайтыным еске түседі. «Бүгін 2 пар болды» деп келіп жататын аға-әпкелеріме қызғана қарап, 6-7 сабақтан шаршап мен келетінмін. Ал енді бүгін өзім студентпін, автобустағы ауыр сөмкелері өздерінен үлкен оқушыларға қарап, уақыттың зуылдап бара жатқанын ойлаймын. Болашақ өміріме арман-мақсат құрып, үйге де жетемін. Қалған бос уақытыма жай ғана үйде отырып кітап оқимын немесе киноға барамын. Бұл нәрселер адамды тіршіліктен бір уақыт алыс әкететін, жаныңды жаймашуақ сезімге бөлейтін дүниелер ғой. Келешекте өмірімді осы әдебиет, кино, мәдениет саласымен байланыстырсам екен деп қиял құсын көкке ұшырып ұйқыға батамын.

Еңлік ӘБДИМҮТӘЛІ,  
1-курс студенті

## GAZETİN TÜRK TİLİNDEĞİ QOSYIMŞASY



## Ahmet Yesevi Üniversitesinde "18 Mart Çanakkale Zaferi" Programı Düzenlendi



Çanakkale Zaferi'nin 108. yıl dönümü sebebiyle Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezinde "18 Mart Çanakkale Zaferi" programı düzenlendi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi öğrencileri tarafından 17 Mart 2023 Cuma günü gerçekleştirilen etkinliğe Üniversitemiz Rektör Vekili Prof. Dr. Peyami BATTAL, Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Pusat PİLTEN ve çok sayıda akademik personel ile Türk dünyasını temsil eden öğrenciler katılım gösterdi.

Program, saygı duruşunun ve millî marşların okunmasının ardından Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Peyami BATTAL'ın açış konuşmalarıyla

başladı. Sayın BATTAL; Çanakkale Zaferi'nin bütün Türk tarihi için ortak bir değer olduğuna vurgu yaptığı konuşmasında düşman vatani işgal ettiğinde Türk askerinin, kınalı kuzuların gösterdiği yiğitlik ve cesarete duyduğu minneti ifade etti.

Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türk dünyasından gelen öğrencileri tarafından hazırlanan Çanakkale Zaferi temalı sinevizyon gösterimiyle başlayan program, gölge oyunu tiyatrosunun ardından şiir ve müzik dinletileri ile devam etti.

18 Mart Çanakkale Zaferi programı; etkinliğe katılan Üniversitemiz akademik, idari personeli ve öğrencilerinin yer aldığı anı fotoğrafı çekimi ile sona erdi.

## Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, T.C. Sanayi ve Teknoloji Bakanı Sayın Mustafa Varank'ı Ziyaret Etti

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, T.C. Sanayi ve Teknoloji Bakanı Sayın Mustafa Varank'ı ziyaret etti. Ziyarette, üniversitemizin mevcut durumu, gelecek projeleri ve sanayi ve teknoloji ile iş birliği konuları ele alındı.

Prof. Dr. Şimşek, Sayın Varank'a üniversitenin son dönemde gerçekleştirdiği çalışmalar hakkında bilgi verdi ve üniversitenin gelecek dönemde yapmayı planladığı projeler hakkında fikir

alışverişinde bulundu. Ayrıca, üniversitenin sanayi ve teknoloji ile iş birliği yaparak Ar-Ge çalışmalarına destek verme konusundaki fikirleri de görüşüldü.

Sayın Varank, üniversitenin çalışmalarından ve projelerinden duyduğu memnuniyeti dile getirerek, sanayi ve teknoloji ile iş birliği yaparak Ahmet Yesevi Üniversitesinin yapacağı çalışmalarının Türkiye'nin kalkınmasına önemli katkılar sağlayacağını belirtti.

## Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Hastanesi'nde Türkistan'da ilk defa Serebrovasküler ve Periferal Vasküler Anjiyografi Uygulaması Gerçekleştirildi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Hastanesinde gelişmiş teknoloji ile Türkistan'da ilk defa serebrovasküler ve periferal vasküler anjiyografi uygulaması gerçekleştirildi. Beyin, oksijen ihtiyacı oldukça fazla olan bir organımızdır. Beynin oksijensiz kalması durumunda birkaç dakika içerisinde beyin hasarı başlamaktadır. İnme esnasında tedavinin geciktiği her dakikada binlerce beyin hücresi geri dönüşümsüz yok olmaktadır. Bu ilk adımımız olup, Ahmet Yesevi Üniversitesi ilkleri başlatmaya devam edecektir. Yakın gelecekte ki hedefimiz Türkistan halkının Türkistan dışına çıkmadan en gelişmiş sağlık hizmetlerine ulaşmasıdır.



## Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Kazakistan Devlet Televizyonu QAZAQSTAN TV ve Jibek Joly TV'ye Röportaj Verdi



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Kazakistan Devlet Televizyonu QAZAQSTAN TV ve Jibek Joly TV'ye röportaj verdi. 14 Mart 2023 tarihinde gerçekleştirilen röportajda Türk Dünyası 2040 Vizyonu çerçevesinde Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından hazırlanan raporlar, Türk Devletleri Teşkilatı ve Ahmet Yesevi Üniversitesinin katkıları, Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türk Dünyası için önemi gibi birçok başlık ele alındı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek ayrıca 06 Şubat 2023'te ülkemizde meydana gelen depremde Kazakistan'ın ve Türkistan halkının katkılarında dolayı minnettar olduklarını belirtti.

## Öğrencimizin uluslararası düzeyde başarılı oldu..

İktisadi ve İdari Bilimler Fakültemizin başarılı öğrencisi uluslararası programla yurtdışında staj yapmaya hak kazandı.

Fakültemizin «kamu yönetimi» ana bilim dalı 3. sınıf doktora öğrencisi Batyrbek Nazerke Batyrbekyva, ABD'nin «Community Engagement Exchange» programına başvurmuş ve burs kazanarak ABD'nin Detroit ve Washington şehirlerinde 3 aylık staj yapmaya hak kazandı. Staj süresince ABD'deki prestijli sivil toplum kuruluşlarında deneyim kazanacak ve açık devlet projesi olarak



adlandırılan projede 3 ay boyunca bilgisini geliştirecektir. Projesi tamamladıktan sonra ülkemize dönüp 6 ay içerisinde edindiği tecrübeyi ülkenin çeşitli alanlarında uygulayacak ve hayata geçirecektir. Dünyanın 92 ülkesinden 6300'den fazla adayın katıldığı projede öğrencimiz Batyrbek Nazerke finale kaldı ve dünyanın dört bir yanından bir araya gelen 142 lider arasında yer aldı. Community Engagement Exchange programı, 21. yüzyılın kritik sorunlarını

çözmek için topluluklarla birlikte çalışan dinamik bir küresel yenilikçiler ağıdır. Ayrıca bu program, 21-28 yaş arası sivil

toplum liderlerini barış ve kadın, canlılık ve sürdürülebilirlik ile ilgili sorunlara ağırlık, ilişkiler, sivil diyalog ve çözümler oluşturma konusunda güçlendirmeyi amaçlayan bir projedir. Tüm masraflar ev sahibi tarafından karşılanmakta ve öğrencimize özel burs verilmektedir. Fakültemiz ve üniversitemizin gururu öğrencimize sağ salım memlekete dönmesine duacıyız...

İktisadi ve İdari Bilimler Fakültesi

## Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Halk-Üniversite İş Birlikteliğini Güçlendirmeye Yönelik Toplumsal Duyarlılık Projeleri Başladı

ӘЛЕУМЕТТІК-ЖАУАПКЕРШІЛІК  
ЖОБАЛАРЫ

ТОПЛУМСАЛ ДУЯРЛИЛІК ПРОЈЕЛЕРІ

Мектеп оқушыларына тіс тазалау және алғашқы көмек көрсету шаралары

Ілкілік Діш Тарамасы және Ілкі Yardım Etkinлігі

2023 ІНАУРЫЗ/МАРТ

ТҮРКІСТАН/ТҮРКІСТАН

www.ayu.edu.kz/www.ayu.kz



## Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'e Üsküdar Üniversitesi Ödül Verildi



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'e Üsküdar Üniversitesi tarafından gerek özel kuruluşlarda gerek devlet kademelerinde eğitime, bilime ve iş dünyasına önemli katkılarından dolayı ödül verildi. Prof. Dr. Muhittin Şimşek'e ödülü, Üsküdar Üniversitesi Kurucu Rektörü Prof. Dr. Nevzat Tarhan tarafından takdim edildi. Bugüne kadar

pek çok ödül aldığını belirten Prof. Dr. Muhittin Şimşek, bu ödül kadar kendini memnun eden hiçbir ödülün olmadığını söyledi. Ödülün manevi değerinin yüksekliğine dikkat çeken Prof. Dr. Muhittin Şimşek, "Özdemir Asaf, 'İnsanın değeri kuruluş ile değil duruşu ile ölçülür' diyor ya... Dolayısıyla bu ödül, kuruluş ile ölçülüyor, duruşu ile ölçülüyor." dedi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi halk-üniversite iş birlikteliğini güçlendirmeye yönelik hazırlanan on altı adet toplumsal duyarlılık projesinin ilki "Gülümseyen Yüzler, Sağlıklı Gülüşler" projesi 15.03.2023 Çarşamba günü başladı. Üniversitemiz Rektörü Dr. Janar TEMİRBEKOVA ve Rektör Vekili Prof. Dr. Peyami BATTAL sabah proje ekibiyle bir araya gelerek duydukları heyecan ve memnuniyeti dile getirdiler.

Üniversitemizin tanınırlığını arttırmak ve bölge nüfusu ile bağlarını güçlendirmek, Üniversitemizin otuz yıllık deneyimini ve bilgisini tüm Türkistan halkıyla paylaşmak, öğrencilerin edindikleri teorik bilgiyi hem kendileri hem de toplum için yararlı kılmak, bunları ilgili alana yansıtmak amacıyla planlanan projeler 17 numaralı "Atatürk Okulu"nda Gülümseyen Yüzler, Sağlıklı Gülüşler" adıyla başladı.

Üniversitemiz Diş Hekimliği Fakültesi öğrenci ve hocaları diş sağlığı üzerine hazırladıkları eğlenceli sunumun ardından belirlenen on sınıfta diş sağlığı taraması yaptı. Diş taramaları yapılan öğrencilere diş sağlığı seti ve çeşitli hediyeler verildi. Eş zamanlı olarak belirlenen daha büyük yaş grubundaki öğrencilere ise Üniversitemiz Tıp Fakültesi hocaları ve öğrencileri tarafından ilk yardım eğitimi verildi.

Günün devamında tüm öğrenciler okul bahçesinde Üniversitemizin çeşitli fakültelerinden gönüllü olarak projemize katılan öğrencilerimizin mihmandarlığında oyunlar oynadı, uçurma uçurdu ve dans ettiler.

Türkistan'ın en köklü okullarından biri olan 17 numaralı "Atatürk Okulu"nun Müdürü Rahil URUMOV, proje vasıtasıyla bir araya gelmekten duyduğu memnuniyeti ifade ederek Üniversitemize teşekkürlerini sundu.

## САЛТ-ДӘСТҮР

## ДӘСТҮР САЛТЫН ҰМЫТПАҒАН, ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ХАЛЫҚПЫЗ

Наурыз мерекесі келіп, төңірек бұрынғыдан да әсем күйге енгендей. Ұлттық киімді жарастыра киген қыз-келіншектерге қандай жарасымды десеңізші?! Алайда арасында тақияны трендке айналдырған апа-әжелерді де көреміз. Неге? Кейбір апа-жеңгелер ұлттық дәстүрді ұлықтаудың жөні осы деп жасына сай киім киюді ұмытқандай. Алайда қыздардың тақия кигені қуантарлық жағдай!

Әр нәрсенің өз орны, өлшемі бар.

Тарихқа көз жүгіртсек, тақияны егде әйелдер емес, бүлдіршін қыздар мен тұрмысқа шықпаған бойжеткен қыздар кигенін айтады.

Әйел затының әр кезеңіне сай бас киімі болған. Қыздар тақия, келіншектер сәукеле, сарықарын бәйбішелер кимешек тағысын тағы.



Қазақ бас киіміне қарап, қай тапқа, қай руға жататындығын және әйел затының тұрмысқа шықпаған қыз, келіншек екенін бірден таныған.

Қазақ қызы 3-18 жас аралығында яғни, бойжеткенше үкілі тақия киген.

Бес жасқа толғанда құлағын тесіп, сырға тағып, шашын өріп, шолпы таққан.

Тақия қызыл, алқызыл, күлгін, жасыл түсті барқыт тәрізді матадан сырып тігілген.

Құлпырған қыздың ажарын аша түсетін тақия асқан ұқыптылықпен, зерлі тігіспен, басқа да әртүрлі моншақтармен, күміс теңге, маржан тастармен әшекейленген.

Үкілі тақия – қазақ қыздары ерекше ұнатып киетін бас киім болған.

Ал бойжеткен соң кәмшат бөрік киген.

Бөрікті ерлер де киеді, бірақ, қыздар бөріктің сырты мақпал, пүліш, барқыт сияқты қалыңдау, қымбат матамен тысталып тігіледі, жиегі бағалы аң және мал терілерімен көмкеріледі.

Сонымен, тарихқа үңілсек, тақия қыздар киетін бас киім.

Қыз ұзатылғанда басына сәукеле кигізген.

Ол ұзатылатын қыздың сұлулығы мен салтанатын, байлығы мен бағасын асыра түседі.

Мәселен, ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпей:

“19 ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Байсақал атты бай қызының сәукелесін Кенесары ханның ағасы Сержан төре 500 байталға бағалаған” деген деректі алға тартады.

Бұдан кейін әйел затының жас ерекшелігінде қарай бас киімі өзгеріп отырған.

Мәселен, келін өзге шаңырақтың босағасын аттаған соң, оған жаулық салып, еншілейді.

Яғни, орамал - тұрмысқа шыққандықтың белгісі.

Салт бойынша, балалы болғаннан кейін әйелдер кимешек киген.

Кимешек кию – ана болғанның белгісі. Кимешек баланы емізгенде айналаға өңірін ашып көрсетпей, төсті жауып тұрады.

Ол кеуде, иық, жонды жауып тұратын, әйелдің бет-әлпеті анық көрініп тұратын киім.

Емшекте баласы бар әйел жалаңбас отырып бала емізсе, шайтан түртіп, қайызғақ баланың аузына түсіп кетеді деп ырымдаған.

Жас келіншектер кимешектерін өрнектермен әшекейлеп, сәндеп киген. Кимешектің үй және шаруа жұмыстарына арналған түрлері болады, сәйкесінше, әйелдер үй мен қонаққа киетін кимешектерін бөліп киген.

Кимешекке ою салып, моншақпен әсемдеу оның күйеуі бар екенін білдірген

Ал жесір қалған әйелдер кимешектің өрнектерін алып тастап тағатын болған.

Әйел заты бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, бас киім ауыстырарда қазақы жолмен кішігірім той жасалған.

Мәселен, қыз өз үйінен ұзатыларда шешесі қызының басындағы үкілі тақиясын алып сәукелені өз қолымен кигізіп, ақ батасын беріп аттандырған.

Өзге шаңыраққа келін боп түсерде арнайы беташар жасалып, бөртпе немесе жібек жаулық салған.

Ал сәбиі дүниеге келгенде абысын-ажындары жиналып, ауылдың сыйлы, ақ кимешекті әжесіне ырымдап кимешегін кигізген.

Кейін әйел жасына қарай әртүрлі кимешек кие бастаған, онда да шағын той жасалып, жақсы тілектер айтылған.

Үйленетін жастағы жігіттер қыздардың басына қарап сөз салуға болатын-болмайтынын аңғарған.

Мәселен, басына тақия, бөрік киген қыз көрсе, бойжеткеннің басы бос екенін сезген, ұнатып жатса жаушы жіберіп, үлкендер арқылы құдалық жолын сөйлескен.

Осылайша ұлттық киімдерімізді киюдің де өзіндік сыры, жолы, мән-мағынасы болған.

Бүгінде кішкентай қыз, бойжеткен киетін тақияны тұрмысқа шыққан не балалы

келіншектердің, тіпті сарықарын әйелдердің киіп жүргенін көріп жатамыз.

Ұлттық бас киімді араптың хиджабының сыртынан киіп алатындар да бар.

Ұлттық киімімізді өз орнымен, жасына сай кесе екен дейміз.

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

## ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!



Ғасырлар мен тілдескен, тарихымен үндескен, қазыналы қазақтың тарихи күнінің бірі Наурыз.

Наурыз мейрамы - көне дәстүр сабақтастығының белгісі саналатын, ұлттық мәдениетіміздің қайта түлеген ерекше мерекесі. Халық арасында бұл мереке ұлттық таным бойынша үйге жыл бойы молшылық пен сәттілік әкеледі деген сенім бар.

Наурыз мейрамының тарихына үңілсек, көңілге қаяу түсіретін сәттер бар. 1926 жылдан бастап дәстүрлі Жаңа жыл мерекесін тойлауға тыйым салынды. 1988 жылы мереке халыққа ресми түрде қайтарылып, «Қазақстан Республикасының мерекелер туралы» Заңына сәйкес «Наурыз 2001 жылы мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Ұлыстың ұлы күні ғаламат көріністер өмірге келетін сәт. Ұядан қанатын талпына қағып, өмірдің күреске толы майданына түскелі тұрған қыранның балапанындай жаңа туған күн мен айдың жер әлемге нұр шуағын таратып, жер жүзін сұлу түске бояндыратын ғажап шақ.

Осы бір көкірегі ыстық дүниенің мейірім мен махаббатқа толатын күнді Қазақ халқы ежелден жылдың басы санаған.

Самарханның көк тасы балбалдай балқып, күллі әлемді ырыс-құтқа бөлейтін шақты Ұлыстың ұлы күні атаған.

Ата-бабаларымыз дәл осы күні, Кербестісін кежимдеп, Түлкі тұмағын киіп, Қасқыр ішігін жамылып, ауыл-ауыл аралап амаңдық сұрасып, махаббатқа толы жүздеріне мейірімділіктің күлкісі үйіріліп, Наурыз көжесінен дәм татып, алысты жақын қылып, дұшпанды дос қылып, жарлыны мүсіркеп, өнегеге толы тәрбиелік іс жасаған.

Ендеше бізде бабалардың аманатын ертеңгі ұрпаққа аманаттап қалдыратындай ғибратты іс жасауды ұмытпайық.

Наурыз құтты болсын! Ақ мол болсын!

Жүректеріңіз иман мен мейірімділікке толы болсын!

Наурызбен тұспа-тұс келген, күндердің сұлтаны, айлардың патшасы Рамазан айы құтты болсын! Баршамызға бір Алла ортаймас бақыт, аласармас мәртебе берсін!

Қағыбат БӨКЕНҰЛЫ,  
4-курс студенті

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

МЕДИА ЖӘНЕ PR  
ОРТАЛЫҒЫ

Тілшілер:  
Журналистика кафедрасының  
студенттері

Фото маманы:  
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою ту-  
ралы

№11180-Г куәлікті  
2010 жылы 4  
қазанда Қазақстан  
Республикасының Бай-  
ланыс және ақпарат  
министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан  
бастап «Ясауи университеті»  
газеті электрондық және  
интернет форматында  
шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты  
216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru